

# Колледж тынысы айлық ақпараттық газеті



Қосымша №7 (7) 6 сәуір 2015 жыл, дүйсенбі

**18.03. 2015 ж.**

Тәрбие жұмысының құқықтық мәдениетті қалыптастыру бағыты бойынша Жамбыл медициналық колледжінің 80 жылдық мерейтой аясында «Маскүнемдіктің зардабы» тақырыбында «Емдеу ісі» бөлімінің 107 топ білімгерлерімен топ жетекшісі Әкетаева Жамиля Тастанбекқызы ашық тәрбие сағатын өткізді.



24 наурыз – Бүкіл дүниежүзілік туберкулезбен күрес күніне және Жамбыл медициналық колледжінің 80 жыл толуына орай, салауатты өмір салтын қалыптастыру мақсатында “Туберкулез – аса қауіпті дерт” тақырыбында №2 арнайы пәндер циклдік әдістемелік комиссия оқытушылары және ЦӘК төрайымы Блейменова Б.Б. ұйымдастыруымен 25.03.2015жылы дөңгелек үстел өткізіліп, білімгерлерге туберкулез ауруының зардабы және одан қалай қорғану керек екені туралы түсінік берілді.



Күн мен түн теңеліп, көктем күшін асырған Ұлы күннің жеріме,  
күнім көктей жайнаған! Орманда құс сайрады жалындаған  
жастықтай Жаса Наурыз мейрамы!  
Ақ тілек бейбітшілік аман болсын!  
Елім, жұртым қадірлі аман болсын!  
Туғандай бір анадан жамағаттар  
Достыққа берік, мықты адал болсын!  
Наурыз мейрамы құтты болсын!  
Ұлыс оң болсын! Ақ мол болсын!  
Қайда барсақ жол болсын!  
Ұлы халқым тоқ болсын!  
Қайғы уайымы жоқ болсын!  
Қуаныштары көп болсын!

